

**Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымындағы Орталық комитеттің,
Кәсіподақтың Атқару комитетінің қаулыларын және өз шешімдерін
бақылау және орындау жөніндегі жұмыстың орындалуы туралы
АҚПАРАТЫ**

Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы өз қызметін кәсіподақтың жарғылық міндеттері мен шешімдеріне сәйкес жүзеге асыра отырып, сала қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау, Кәсіподақтың Орталық комитетінің қаулылары мен нұсқаулықтарын іске асыру, бақылау мен атқарушылық тәртіпті күшейту жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді.

Қазіргі таңда «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің Ақтөбе облысындағы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларын қамтитын «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ құрамына 12 аудандық, 2 қалалық білім қызметкерлері кәсіподағы, 606 бастауыш білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы ұйымдарын, 30935 жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшесін біріктіреді.

Облыстық Кеңес және Атқару комитетінің мәжілістерінде облыстық кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыс жағдайы, кәсіподақ органдарының оларды іске асыру жөніндегі міндеттері туралы сұрақтар тұрақты қарастырылады. 2021-2022 және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Облыстық Кеңестің 3 отырысы өтіп, 7 сұрақ, Облыстық Комитеттің жұмыс органдарының 12 отырысында 38 сұрақ қарастырылды:

2021 жылы – 6 отырыста 22 сұрақ,

2022 жылы – 4 отырыста 14 сұрақ,

2023 жылдың 6 айында – 2 отырыста 9 сұрақ.

Бұл ретте Салалық кәсіподақ қозғалысын жаңғыртудың негізгі бағыттарын анықтайтын Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты тұжырымдамасына, әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамыту мәселелеріне, кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау, еңбек заңдылығының сақталуына қоғамдық бақылау сұрағына, жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне, қызметкерлердің өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге, кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастырушылық қызметін нығайту мен жетілдіруге, кәсіподақ мүшелерінің емделіп-демалуы, ақпараттық жұмыстың орындалуы, кәсіподақты цифрландыру туралы сұрақтарына назар аударады. Өткізілген алқалы органдардың қаулылары орындалуда.

Орталық комитеттің сала қызметкерлерін кәсіподақ құрамына тарту шараларын жандандыру, жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру, кәсіподақтың мүшелік базасын нығайту туралы қаулылары орындалып, кәсіподақ мүшелері жыл сайын артып келеді, жаңадан бастауыш ұйымдары қосылуда: 2021 жылы 590 ұйым, 32 406 кәсіподақ мүшесі, 2022 жылы 596

ұйым, 32 841 кәсіподақ мүшесі болса, 2023 жылы 606 ұйым, 32 926 кәсіподақ мүшесін құрайды.

Кәсіподақтың XIV съезінің шешімдерін, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының 2019-2024 жылдарға арналған қызметінің Бағдарламасын іске асыру бойынша кәсіподақ органдары мен ұйымдары қызметінің тиімділігін әрі қарай арттыру міндеттері мен шаралары туралы қаулысын орындау мақсатында әлеуметтік әріптес – Ақтөбе облысының білім басқармасымен 2021-2023 жылдарға облыстық келісім және ұжымдық шарттарының орындалуы, кәсіподақ мүшелігін арттыру, құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, кәсіподақтың қаржылық жұмысы, ақпараттық жұмысты жетілдіру, кәсіподақ мүшелерінің сауықтыру мәселелері, жастар мен әйелдер саясаттары қаралып, орындалып жатыр.

Ақтөбе облыстық ұйымы Салалық деңгейде білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық Келісімнің және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ арасында 2021-2023 жылдарға жасалған әлеуметтік әріптестік туралы Келісімнің үнемі орындау мәселелерін қадағалап отырады. 2021-2023 жылдарда барлығы 2112 заң бұзушылығы анықталып, 720 акті ресімделді, осы жылдарда барлығы 206 630 351 теңге қайтарылды.

Құқықтық еңбек инспекциясының қызметкерлері мен аудандық, бастауыш ұйымдардың төрағалары келісім комиссияларына 2021 жылы – 5 рет, 2022 жылы – 11, 2023 жылдың 8 айында – 6 рет қатысты. 2022 және 2023 жылдары 2 рет сотта кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғады.

Орталық комитеттің 2022 жылғы 22 ақпандағы кәсіподақ органдарына еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жандандыру қаулысына сәйкес 2021-2023 жылдары еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша 307 тексеру жүргізілді, оның барлығы да өндірістік кеңестің бастамасы бойынша: 2021 жылы – 115, 2022 жылы – 121, 2023 жылдың 8 айында – 71 тексеру. Тексеру барысында 73 бұзушылық анықталып, оның барлығы жойылды. Аталған уақыт ішінде 2 жазатайым оқиға тіркеліп, 1 адам жеңіл жарақат, ал 1 адам өлімімен тіркелді.

Кәсіподақ ұйымдарының техникалық еңбек инспекторлары ұйымдардағы еңбек жағдайы мен қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған 53 ұсыныс енгізді.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының ережелерін іске асыру, білім және ғылым саласы қызметкерлерін заңнамамен көзделген әлеуметтік жеңілдіктермен және кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселелері туралы жыл сайын Облыстық Атқару комитетінің отырыстарында кәсіподақ мүшелерінің сауықтыру сұрақтарына басты назар аударылып, дәстүрлі түрде ҚР ҚФ

шипажайларына, басқа да шипажайларға үздік ұстаздарды, белсенді жастарды, кәсіподақ мүшелерін демалысқа жіберу жүйелі түрде ұйымдастырылып отырады. Сонымен қатар, белсенді жас кәсіподақ мүшелері республикалық жастар лагерлеріне, Ақтау, Түркістан қалаларына саяхаттарға жіберіледі.

Облыста Атқару комитетінің отырыстарында мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеу, бөлу және жұмсау тәртібінің орындалу жағдайы туралы сұрақтар үнемі қаралып отырады, осының нәтижесінде облыстық кәсіподақ ұйымы мүшелік жарналардың түсуі бойынша тапсырмалары тиянақты орындалып отыр.

Облыстық ұйым «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының талаптарын бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында, педагогтерді лауазымдық міндеттерінде көзделмеген қызметке тарту, газеттер мен журналдарға жазылуға мәжбүрлеу және т. б. бөлігінде кәсіподақ мүшелерінің 15 өтініші қаралды. Олар бойынша жұмыс берушілерге 12 түсініктеме беріліп, Ақтөбе облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментіне 3 өтініш жолданды және 3 басшы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Облыстық Кеңес отырысында «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты дамыту Тұжырымдамасы талқыланып, Тұжырымдаманы іске асыру мәселелері қолға алынды. Кәсіподақтың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындау және кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғау бойынша мақсатты жұмыс жүргізілуде.

Кәсіподақтың Атқару коомитетімен «Кәсіподақтағы цифрландыру туралы» бекітілген қаулысын жүзеге асыру бойынша шаралар қабылданып, «1С-бухгалтерия» бағдарламасы бойынша облыстық, аудандық ұйымдарда іске толықтай қосылды, кәсіподақ мүшелерінің цифрлық базасы Орталық комитеттің аппаратына толығымен тапсырылды, облыстық ұйым аппаратының мүшелері, аудандық және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары «Avalonсервис» ЖШС мамандары өткізген семинарларға қатысып, электронды құжат айналымы, цифрлық мүшелік базамен жұмыс жасауға үйренді. Бұл жұмыс толық орындалған жоқ, қайтадан қолға алып жатырмыз.

Кәсіподақтың Атқару комитетінің «Ақпараттық жұмысты одан әрі дамыту» қаулысына сәйкес Ақтөбе облыстық ұйымы ақпараттық жұмысты тұрақты жүргізіп отырады. Өз әлеуметтік желілері бар: facebook және instagram. Сонымен қатар ақпараттық легі ҚР КФ және Орталық комитеттің ресми сайттарында үнемі жарияланып отырады. Кейбір Филиалдардың төрағалары да өздерінің facebook аккаунттарын іске қосты, облыстық және аудандық жұмыстарға қатысты ақпараттық жұмыстар әлеуметтік желілердің парақшаларында жариялап отырады.

Бүгінгі таңда Ақтөбе облысының 12 ауданы (Шалқар, Ырғыз, Темір, Байғанин, Хромтау, Алға, Қобда, Мұғалжар, Қарғалы) бойынша instagram әлеуметтік желісіндегі жеке парақшалары іске қосылды. Ойыл, Мәртөк,

Әйтеке би аудандарының instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшаларының жұмысы уақытша тоқтап тұр. Аталған үш ауданның әлеуметтік желідегі парақшаларын әрі қарай жүргізу бойынша тапсырмалар берілді. Ал, аудан бойынша facebook парақшасын іске қосу алдағы уақытта өз шешімін табады.

Жергілікті және республикалық газет, сайт және журналдарда, телеарналарда 40-қа жуық мақала мен сұхбат жарияланды. Facebook, Instagram парақшаларында 2739 ақпарат жарық көрді.

Әлеуметтік желілердегі оқырман саны: Facebook – 2817, Instagram – 7100. Аталған желілерде қазақ және орыс тілдерінде күнделікті ақпарат тарату қолға алынды. 2023 жылы Facebook, Instagram парақшаларының дизайны өзгертілді, мазмұндық бағытына жаңашылдық енгізілді.

Орталық атқару комитетінің қаулыларын және Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымының өз шешімдерін орындау жөніндегі жұмыстар жүріп жатыр, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**Ақтөбе облыстық ұйымының
төрағасы**

Р. Серікова